

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Кредиттеу жөніндегі құжаттамасын жүргізу ережесін бекіту туралы" 2007 жылғы 23 ақпандағы N 49 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009 жылғы 29 сәуірдегі N 91 қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2009 жылғы 02 маусымда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5688 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 29 қазандағы № 257 қаулысымен

Ескерту. Қаулының күші жойылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.10.2018 № 257 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Екінші деңгейдегі банктердің қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) Басқармасы **Қ АУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Агенттік Басқармасының "Кредиттеу жөніндегі құжаттамасын жүргізу ережесін бекіту туралы" 2007 жылғы 23 ақпандағы N 49 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4602 тіркелген, 2007 жылғы наурыз-сәуірде Қазақстан Республикасының Орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының актілер жинағында, 25 сәуірде 2007 жылғы "Заң газеті" газетінде N 62 (1091) жарияланған) Агенттік Басқармасының "Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Банктердің кредиттеу жөніндегі құжаттамасын жүргізу туралы" 2007 жылғы 23 ақпандағы N 49 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2007 жылғы 16 шілдедегі N 209 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4901 тіркелген), Агенттік Басқармасының "Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Кредиттеу жөніндегі құжаттамасын жүргізу ережесін бекіту туралы" 2007 жылғы 23 ақпандағы N 49 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2008 жылғы 2 қазандағы N 144 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 5369 тіркелген), Агенттік Басқармасының "Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі

Басқармасының "Кредиттеу жөніндегі құжаттамасын жүргізу ережесін бекіту туралы" 2007 жылғы 23 ақпандағы N 49 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2009 жылғы 27 ақпандағы N 22 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 5611 тіркелген, 17 сәуірде 2009 жылғы "Заң газеті" газетінде N 57 (1480) жарияланған) енгізілген өзгерістермен және толықтырулармен бірге мынадай толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Кредиттеу жөніндегі құжаттамасын жүргізу ережесінде:

кіріспені:

"Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" деген сөздерден кейін "(бұдан әрі - Заң)" деген сөздермен толықтырылсын;

"екінші деңгейдегі банктер" деген сөздерден кейін ", оның ішінде ислам банктері" деген сөздермен толықтырылсын;

1-тармақта:

мынадай мазмұндағы 1-4) тармақшамен толықтырылсын:

"1-4) ислам банкі - уәкілетті органның лицензиясы негізінде, осы Заңның 4-1-тарауында көзделген банк қызметін жүзеге асыратын екінші деңгейдегі банк;"

2) тармақшасы "форфейтинг операцияларын," деген сөздерден кейін "осы Заңның 52-5-бабының 1-тармағының 3), 4) және 5) тармақшаларында көрсетілген операцияларын ислам банктерінің жүзеге асыруы" деген сөздермен толықтырылсын;

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) кредит беру туралы шарт - банктің заем, лизинг, факторинг, форфейтинг, есебін жүргізу операцияларын жүзеге асыру шеңберінде кредит беру шарты, сондай-ақ ислам банкінің:

банктік заем операцияларын: мерзімділік, қайтарымдылық шарттарымен және процент түрінде сыйақы төлеусіз ақшалай нысандағы кредиттер беруді;

коммерциялық кредитті беріп, сауда делдалы ретінде сауда қызметін қаржыландыруды;

заңды тұлғалардың жарғылық капиталында қатысу жолымен және (немесе) серіктестік талаптарымен өндіріс және сауда қызметін қаржыландыруды;

лизинг (жалға алу) талаптарымен инвестициялық қызметті жүзеге асыру шеңберінде жасаған шарты;" деген сөздермен толықтырылсын;

4) тармақшасы "белгіленген" деген сөзден кейін "не ислам банкінің коммерциялық кредитті беруі кезіндегі тауардың үстеме бағасы түріндегі" деген сөздермен толықтырылсын;

б) тармақшасы "мөлшерлемесі" деген сөзден кейін "(ислам банкінің коммерциялық кредитті беруі кезіндегі үстеме бағаның мөлшері)" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Ислам банкі кредит беруді ислам банкінің ішкі кредиттік саясаты туралы ережеге және ислам банкінің операцияларды жүргізуінің жалпы талаптары туралы ережеге сәйкес жүзеге асырады.

Ислам банкі кредиттеу жөніндегі құжаттаманы осы Заңда көзделген банк қызметін өздерінің жүзеге асыру ерекшеліктерін ескере отырып, осы Ережелерге сәйкес жүргізеді.";

3-тармақ:

мынадай мазмұндағы 7-1) тармақшамен толықтырылсын:

"7-1) ислам банкінің коммерциялық кредитті беруі кезіндегі үстеме бағаның түрі: тіркелген немесе тауарды сатып алу бағасынан алынатын проценттік көріністе;"

он төртінші абзац "екі парағында" деген сөздерден кейін "(немесе шарт бір бетті екі бағанға бөле отырып, бір уақытта екі тілде ресімделсе, онда алғашқы төрт парағында)" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 3-2-тармақпен толықтырылсын:

"3-2. Ислам банкінің кредит беру туралы шарты осы Ереженің 3-тармағында көрсетілген талаптардан бөлек, осы Заңның 52-8, 52-9, 52-10-баптарында көрсетілген талаптарды да құрайды.";

4-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Кредит беру талаптарының өзгеруі (қайта құрылымдау) кредит беру туралы шартқа, кепіл шартына, және кредит беру шарты бойынша міндеттемелерді орындауға байланысты шарттарға тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы қосымша келісімге банктің уәкілетті органының шешіміне сәйкес қол қою жолымен жазбаша ресімделеді. Осы өзгертулерге банктің заң қызметінің басшысы (ол болмаған жағдайда банктің заңгері) қол қояды.";

8-тармақта:

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) құрылтай құжаттарының немесе заемшының жарғылық капиталындағы жай акцияларының (қатысу үлестерінің) соңғы меншік иегерлеріне дейінгі заемшының жарғылық капиталындағы жай акцияларының (қатысу үлестерінің) бес және одан астам пайызын иеленетін барлық үлес иегерлері туралы ақпаратты ашатын, заемшының жай акцияларының бес және одан астам пайызын иеленетін акцияларды ұстаушылар тізілімінің нотариатта куәландырылған көшірмелері;"

17) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"17) заемшының (тең заемшының) - жеке тұлғаның еңбекақысын және (немесе) өзге де кірістерін көрсететін және растайтын құжаттар. Жалғыз акционері мемлекет немесе ұлттық холдинг не ұлттық басқарушы компания болып табылатын заңды тұлғаның кепілі (кепілдемесі) бойынша жүзеге асырылатын білім беруді кредиттеу жүйесінің аясында берілген кредиттер бойынша аталған құжаттың болуы талап етілмейді;"

19) тармақшада ", сондай-ақ кредитті жіктеу бойынша берілген балдар туралы мәліметтер (бірегей кредиттерді қоспағанда)" деген сөздер алынып тасталсын;

21) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"21) жинақтаушы зейнетақы қорының заемшының (тең заемшының) - жеке тұлғаның жеке зейнетақы шотынан соңғы алты айға үзінді көшірмесі. Жалғыз акционері мемлекет немесе ұлттық холдинг не ұлттық басқарушы компания болып табылатын заңды тұлғаның кепілі (кепілдемесі) бойынша жүзеге асырылатын білім беруді кредиттеу жүйесінің аясында берілген кредиттер бойынша аталған құжаттың болуы талап етілмейді;"

мынадай мазмұндағы отыз екінші абзацпен толықтырылсын:

"Бірыңғай кредиттер портфеліне бұрынырақ енгізіліп, кейіннен Агенттік Басқармасының "Екінші деңгейдегі банктер үшін пруденциалдық нормативтер есеп айырысуларының нормативтік мәні мен әдістемесі туралы нұсқаулықты бекіту туралы" 2005 жылғы 30 қыркүйектегі N 358 қаулысында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3924 тіркелген) көзделген банктер үшін пруденциалдық нормативтер есеп айырысуларының әдістемесі бойынша уәкілетті органның талаптарына сәйкес бір заемшыға тәуекелді бағалау күніне есептелген, банктің меншікті капиталы шамасының 0,02 пайызынан аспайтын лимитінен асып кетуіне байланысты шығарылған кредиттер бойынша мақсатты қолданылуын растау талап етілмейді.";

9-тармақта:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) кредитті пайдалану мақсаты мен ықтимал кепіл затының сипаты, заемшының банк алдындағы міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету үшін ұсынылатын өзге де қамтамасыз етуі көрсетілген, заемшы қол қойған және кіріс құжаттамасының тіркелуін жүзеге асыратын банктің бөлімшесінде тіркелген өтініші;"

2) тармақша мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Банкте аталған құжаттар болған жағдайда - осы құжаттардың көшірмелері;"
оныншы абзац алынып тасталсын;

13-тармақта "заемшының" деген сөз "заемшының - заңды тұлғаның" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 13-1-тармақпен толықтырылсын:

"13-1. Егер кредит жылжымайтын мүлікті жетілдірулер (жөндеу) саласында заемшының - жеке тұлғаның қолдануы үшін берілсе, кредиттік досьеге банк дайындаған тексерулер туралы есептер немесе кредит берілген жұмыстардың орындалу көлемін растайтын жылжымайтын мүлікті жетілдірулер (жөндеу) жүзеге асырылғанға дейін және жүзеге асырылғаннан кейін банктің объектілерді қарауының банк дайындаған актісі қоса беріледі. Егер кредит құрылыс және жылжымайтын мүлікті қайта жаңарту саласында заемшының - жеке тұлғаның қолдануы үшін берілсе, кредиттік досьеге жоспарланған жұмыстар бойынша жобалы-сметалық құжаттама және (немесе) жобалы-сметалық құжаттама негізінде жасалған, сметалық құнды көрсете отырып жоспарланған жұмыстардың негізгі параметрлері бар құжаттар және банк дайындаған тексерулер туралы есептер немесе кредит берілген жұмыстардың орындалу көлемін растайтын заемшының объектілерін қабылдау-өткізу актісі және құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізуге берілген тиісті рұқсат қоса беріледі.";

мынадай мазмұндағы 14-1 және 14-2 тармақтармен толықтырылсын:

"14-1. Ислам банкінің сауда делдалы ретінде сауда қызметін қаржыландыруға берген коммерциялық кредиттері бойынша кредиттік досьеге Ереженің осы тарауда көрсетілген құжаттардан басқа, мынадай құжаттар қоса берілуі тиіс:

сатып алушының офертасы - тауарды сатып алушының коммерциялық кредит туралы шартты жасау жөніндегі ұсынысы;

ислам банкінің тауарды сатушымен жасаған сатып алу-сату шарты;

ислам банкінің коммерциялық кредит туралы шартты жасауына акцепт;

коммерциялық кредит туралы шарттың осы Заңның 52-1-бабында көрсетілген талаптарға (осы Заңның 52-8-бабының 9-тармағында көзделген жағдайда) сәйкес келуі туралы исламдық қаржыландыру принциптері жөніндегі кеңестің қорытындысы.

14-2. Ислам банкінің заңды тұлғалардың жарғылық капиталында қатысу жолымен және (немесе) серіктестік талаптарымен өндіріс және сауда қызметін қаржыландыруға берілген кредиттері бойынша кредиттік досьеге Ереженің осы тарауда көрсетілген құжаттардан басқа, мынадай құжаттар болуы тиіс:

серіктестік туралы шартты жасау мүмкіндігі туралы исламдық қаржыландыру принциптері жөніндегі кеңестің қорытындысы;

нотариат куәландырған құрылтай құжаттардың және заңды тұлғаны құруға бағытталған серіктестік шартына негізделе құрылған заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеуден өткені туралы куәліктің көшірмелері.";

мынадай мазмұндағы 23-1-тармақпен толықтырылсын:

"23-1. Банктің бухгалтерлік есебіндегі тиісті шоттарында ақша түрінде көрсетілген 100 пайыздық қамтамасыз етуі бар кепілдіктер, кепілдемелер мен

аккредитивтер бойынша банк кепілдік, кепілдеме немесе аккредитив берілген тұлға борышын өтегенге дейін жүргізілетін, осы Ереженің 8-тармағының 1), 2), 3), 5), 6), 11), 14), 16), 18) және 22) тармақшаларында және 9-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген құжаттарды (банкте аталған құжаттар болған жағдайда - осы құжаттардың көшірмелерін) қоса беріп, досьені қалыптастырады."

24-тармақтың бірінші абзацы "досьеде" деген сөзден кейін "өтелген кепілдіктерді қоспағанда," деген сөздермен толықтырылсын;

25-тармақта:

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) уәкілетті орган белгілеген активтерді, шартты міндеттемелерді жіктеу және оларға қарсы провизияларды (резервтерді) құру тәртібіне сәйкес банктің басқару органы бекіткен осы әдістемемен белгіленген, бірақ тоқсанына бір реттен сирек емес мерзімде ұсынылатын тиісті коэффициенттер жиынтығы негізіндегі негізгі көрсеткіштер есебі бойынша, заемшының, кепілдік иесінің (кепілдеме иесінің) қаржылық жай-күйіне баға берген банк қорытындысы.

"Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 28 ақпандағы Заңында белгіленген тәртіпте бухгалтерлік есепті жүргізудің және қаржылық есептілікті жасаудың оңайлатылған нысанын қолданатын заемшы - шағын кәсіпкерлік субъектілері бойынша банк оның қаржылық жай-күйіне кемінде жылына бір рет айналымдық капиталға берілген кредиттерді қоспағанда, берілген кредиттердің мақсатты қолданылуын қоса тексеретін мониторинг жүргізеді.

Кәсіпкерлік қызметпен байланысы жоқ заемшының (тең заемшының) - жеке тұлғаның қаржылық жай-күйінің мониторингі қызмет ету орны өзгерген кезде, сондай-ақ 30 күннен астам мерзімі өткен борыштары пайда болған сайын жүзеге асырылады.

Жүргізілген мониторинг нәтижелері кредиттік досьеге қоса тіркеледі;"

б) тармақшада:

"жарты жылда" деген сөздер "кредит берілген кезден бастап әрбір келесі алты айда" деген сөздермен ауыстырылсын;

"фото және бейне суреттерді" деген сөздер "фото немесе бейне суреттерді" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) тармақшаның екінші абзацы "заем ақшасын" деген сөздерден кейін ", сондай-ақ бірыңғай кредиттер портфеліне бұрынырақ енгізіліп, кейіннен банктер үшін пруденциалдық нормативтер есеп айырысуларының әдістемесі бойынша уәкілетті органның талаптарына сәйкес бір заемшыға тәуекелді бағалау күніне

есептелген, банктің меншікті капиталы шамасының 0,02 пайызынан аспайтын лимитінен асып кетуіне байланысты шығарылған кредиттерін" деген сөздермен толықтырылсын;

7-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"7-1) құрылтай құжаттарына немесе заемшының жарғылық капиталындағы жай акцияларының (қатысу үлестерінің) соңғы меншік иегерлеріне дейінгі заемшының жарғылық капиталындағы жай акцияларының (қатысу үлестерінің) бес және одан астам пайызын иеленетін барлық үлес иегерлері туралы ақпаратты ашатын, заемшының жай акцияларының бес және одан астам пайызын иеленетін, тоқсанына 1 (бір) реттен кем емес кезеңділікпен тігілетін акцияларды ұстаушылар тізіліміне енгізілген өзгерістер мен толықтырулардың нотариатта куәландырылған көшірмелері;"

мынадай мазмұндағы 25-1-тармақпен толықтырылсын:

"25-1. Ислам банкі исламдық қаржыландыру принциптері жөніндегі кеңестің қорытындысын кредит досьесіне қоса тіркейді.";

мынадай мазмұндағы 27-1-тармақпен толықтырылсын:

"27-1. Банктің бухгалтерлік есебіндегі тиісті шоттарында ақша түрінде көрсетілген, ол бойынша жауапкершілігі әлі басталмаған 100 пайыздық қамтамасыз етуі бар кепілдіктер, кепілдемелер мен аккредитивтер бойынша осы Ереженің 9-тармағының 2) тармақшасында және 25-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген құжаттама жүргізіледі."

2. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

3. Стратегия және талдау департаменті (Н.А. Әбдірахманов):

1) Заң департаментімен (Н.В. Сәрсенова) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қолға алсын;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны Агенттіктің мүдделі бөлімшелеріне, "Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы" заңды тұлғалар бірлестігіне мәлімет үшін жеткізсін.

4. Агенттіктің Төрайым қызметі (А.Ә. Кенже) осы қаулыны Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау шараларын қолға алсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Агенттік Төрайымының орынбасары Қ.Б. Қожахметовке жүктелсін.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК